

**I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты Акажанова
Алмагуль Аманжоловнаның 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп
оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық
және әдістемелік негіздері» тақырыбына жазған диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі – келешек ұрпақты эстетикалық, психологиялық, шымыр да белсенді, салауатты өмір сүру салтын ұстанатын тұлға ретінде қалыптастыруға бейімдеу. Себебі, заман талабына сәйкес жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, салт-дәстүрдің озық үлгілерін тәрбие құралы ретінде қолдана отырып, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселелері екендігі даусыз.

Ізденуші диссертацияда халық арасында ежелден белгілі, кең тараған ұлттық ойын атауларын олардың мазмұны, этнографиялық және тілдік сипаты, шығу тегі, жасалу жолдарына түсініктеме бере отырып, ұлттық құндылықтар негізінде талдаған. Мектеп жасынан жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай білім берудің және педагогикалық тәлім-тәрбиелік бағдарламаларға құру жоспарына сәйкес әрбір ұстаздың кәсіби қабілетін шыңдайды. Осы орайда докторант Акажанова Алмагуль оқушыларды ұлттық дүниетаным негіздерінің бірі – ұлттық ойын атауларының архисемалық және мағыналық құрылымдарын кең ауқымда қарастыра отырып, этномәдени рухани ментальдік ұғымдар мен мағыналық бірлікке ие болған күрделі атауларды жіктеп көрсеткен.

Қазақ жазушыларының шығармаларындағы ұлттық ойындардың (асық, ат спорты ойындары, тоғызқұмалақ, күрес және т.б.) аттары мен ойналу шартына қатысты сөздерді мысалдар арқылы ширатып берген. Сондай-ақ қазақ тіліндегі спорт, ойын-сауық терминологиялық атауларына этнолингвистикалық және этномәдени дүниетаным түсінігіне сәйкес байыпты түрде этимологиялық ізденістер жасаған. Бұл амалдар – оқушылардың білім қоймасын толықтыруға онды әсерін тигізетін тұстары әрі тіл дамытуға, сөз астарына үңіле білуге бағыттайтын құрал.

Зерттеуші гносеологиялық танымның заңдылықтарына сүйене отырып антролингвистикалық детальдарға, ұлттық ойын атауларының символдық мәніне тоқтала келе, ойынның шеңберінде этномәдениет қалыптасатынын, ал этномәдениет тілді қалыптастыратын фактор екендігін ескерген. Оны бірнеше бағыттағы ойын түрлерімен ашқан. Мәселен, сөз ойындарының түрлері ретінде жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдерді шешендікке, сөз саптаудағы эстетикалық әдептілік, таза мінсіз сөйлеуге дағдыландыратын тәрбие құралы екендігін атай отырып, ұлттық ойын мәдениетінің бес ерекшелігіне тоқталған.

Ойынның еркін әрекет арқылы жүзеге асатындығына мән беріп, еркін әрекеттің соны тұстарының рухани құндылыққа ұласуынан дәстүрге айналатындығын, ал дәстүр белгілі бір табиғи тәртіпке бағынатындығын саралап көрсетуі көңілге құптарлық. Ізденуші әрбір ойынның ішкі тәртібі өзіне тән ереже түзетіндігін, ал ереже ұтыс, жеңіс сынды мақсатқа негіздеу ұғымдарының нәтижесін көрсетуін талап ететіндігіне тоқталумен қатар, оның мінез-құлықты қалыптастыруға тигізетін психологиялық әсерлерін де жіктеген. Зерттеушінің ойын тәртібінің басты қағидаларын ескере отырып, этнолингвистикалық тұрғыда ойын атауларының тілтанымды дамыту динамикасының мысалы ретінде қазақша күрес әдістерінің атауларын (терминологиясы), классификациясымен және жүйеленуі туралы шығармашылық ізденісін атап өту орынды деп санаймыз.

Оқушының дүниетанымдық мәдениетін орта білім беру жағдайында дамытуды ұйымдастырудың сабақ-пәндік жүйесінде өткізілуіне қарай: дәстүрлі тәжірибелік сабақтар, мазмұнына қарай: жаңа білімді беру сабағы, қайталау сабағы, бекіту сабағы, аралас сабақ және т.б. бөлінсе; коммуникативтік формасына қарай: тұлғаға бағдарланған сабақ, ұжымдық технологияға бағытталған сабақ, диалог пен топқа негізделген сабақтар үлгісінде пайдаланған.

Зерттеу жұмысында түзген ойын түрлері этнос болмысын танудағы этнолингвистикаға қосылған соңғы деректер деп қабылдауға әбден болады. Ізденуші Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысы ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сай, стандартты, техникалық талаптар толық сақталған. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысы ғылыми аппараты дұрыс, ұлттық ойын атауларының теориялық негіздерін айқындауға, тілді оқыту әдістемесінің жетілдіруіне үлес қосатын толық аяқталған зерттеу деп танылып, ресми кеңесте қорғауға дайын деп бағаланады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының докторы**

К. Смагулова

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

